КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2025 жылғы 11 қыркүйек №7119-25-00-2/8162 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Ч.Абенова,
хатшылықта К.Н.Есалиева болып,
ашық сот отырысында келесі арыз бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«СанТехКомплект-2020» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілі: А.У.Байдюсенова
Жауапкердің өкілі: Т.Ж.Байдаулетов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Тараптар арасында 2025 жылдың 30 мамырда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №25/390 шарт жасалды. Шарттың жалпы сомасы 5 533 456,32 (бес миллион бес жүз отыз үш мың төрт жүз елу алты) теңге 32 тиынды құрайды. Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі екі мерзімге бөлінген. Осылай, 4 839 056,32 (төрт миллион сегіз жүз отыз тоғыз мың елу алты) теңге 32 тиын сомасында тауарды жеткізу мерзімі Шарт жасалған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 15 маусымға дейін қоса.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің175-бабына сәйкес, егер мерзімнің соңғы күні жұмыс істемейтін күнге тура келсе содан кейінгі ең таяу

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 15.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.10.2025, судья Абенова А. Ч., 20.10.2025
7119-25-3-1/8127

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

жұмыс күні мерзімнің аяқталған күні болып саналады, яғни 2025 жылғы 16маусымға дейін. 694 400 (алты жүз тоқсан төрт мың төрт жүз) теңге сомасында тауарды жеткізу мерзімі Шарт жасалған сәттен бастап тапсырыс берушінің өтініші бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде. Жауапкер шартта белгіленген мерзімде 4 839 056,32 (төрт миллион сегіз жүз отыз тоғыз мың елу алты) теңге 32 тиын сомасында тауарды жеткізбеген. 2025 жылдың 17 маусымда Талапкермен Жауапкерге шағым жіберілді, онда Талапкер 2025 жылдың 30 маусымға дейінгі мерзімде өзіне қабылдаған шарттық міндеттемелерін толық орындауды талап етті. Алайда, Жауапкер 2025 жылғы 2 шілдеде 1 045 728,32 (бір миллион қырық бес мың жетіжүз жиырма сегіз) теңге 32 тиын сомасында тауарды ішінара жеткізген. Қалған 3 793 328 (үш миллион жеті жүз тоқсан үш мың үш жүз жиырма сегіз) теңге сомасында тауар жетгізілген жоқ. Осылайша, Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамады.

Алайда, бұл келіссөздер қажетті нәтижеге әкелмеді және жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін шартта белгіленген мерзімде орындамады.

2025 жылғы 22 тамызда Талап қоюшы өнім берушінің өз міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты шартты біржақты бұзды.

Шартты бұзғаны жауапкермен сотта дауланбады.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен жүгінген. Оның негізіне, жауапкер шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Жауапкер сот отырысында талаппен келіспейтіндігін айтып, бас тартуды сұрады. Қалған тауарды қою мүмкін емес, себебі бағасы өте қымбат. Сол себепті бұл тауарды жеткізе алмайтынын түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Тараптар арасында 2025 жылдың 30 мамырда мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №25/390 шарт жасалған. Шарттың жалпы сомасы 5 533 456,32 теңге құрайды. Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі екі мерзімге бөлінген. Осылай, 4 839 056,32 теңге сомасында тауарды жеткізу мерзімі Шарт жасалған сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2025 жылғы 15 маусымға дейін қоса.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 15.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.10.2025, судья Абенова А. Ч., 20.10.2025
7119-25-3-1/8127

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

694 400 (алты жүз тоқсан төрт мың төрт жүз) теңге сомасында тауарды жеткізу мерзімі Шарт жасалған сәттен бастап тапсырыс берушінің өтініші бойынша 16 күнтізбелік күн ішінде. Жауапкер шартта белгіленген мерзімде 4 839 056,32 теңге сомасында тауарды жеткізбеген. 2025 жылдың 17 маусымда Талапкермен Жауапкерге шағым жіберілген, онда Талапкер 2025 жылдың 30 маусымға дейінгі мерзімде өзіне қабылдаған шарттық міндеттемелерін толық орындауды талап еткен. Алайда, Жауапкер 2025 жылғы 2 шілдеде 1 045 728,32 теңге сомасында тауарды ішінара жеткізген. Қалған 3 793 328 теңге сомасында тауар жеткізілмеген. Осылайша, Жауапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған.

Алайда, бұл келіссөздер қажетті нәтижеге әкелмеді және жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін шартта белгіленген мерзімде орындамған.

2025 жылғы 22 тамызда Талап қоюшы өнім берушінің өз міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты шартты біржақты бұзған.

Шартты бұзғаны жауапкермен сотта дауланбаған.

Талап қоюшы талапты толығымен қуаттап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер талаппен келіспей, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Жауапкердің баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алуға қатысуы және жеңімпаз болып табылуы оның мемлекеттік сатып алу туралы шарттың талаптарын орындауға міндетті екенін білдіреді.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда тараптар мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау, заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың жауапкершілігі қағидаттарына негізделеді.

Сот отырысында сот жауапкердің қалған тауарды жеткізу үшін ешқандай әрекет жасамағанын анықтады.

Мұндай жағдайларда, сот әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алу туралы шартта көзделген міндеттемені орындамаған деген қорытындыға келеді. Сондықтан сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюын заңды және қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-баптарына сәйкес, жауапкерден мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж өндіріп алынуға жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «СанТехКомплект-2020» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 15.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.10.2025, судья Абенова А. Ч., 20.10.2025
7119-25-3-1/8127

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«СанТехКомплект-2020» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«СанТехКомплект-2020» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **А.Ч.Абенова**

Құжатқа қол қойылған: Абенова А. Ч., 15.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2025, судья Абенова А. Ч., 20.10.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
МИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство